Жалғыз құрылтайшының
2025 жылғы «26» қарашадағы шешімімен бекітілген

"A-S инвест групп" ЖШС
"Ажар" жеке балабақшасының
Ж А Р Ғ Ы С Ы

1. Жалпы ережелер

1.1. "A-S инвест групп" ЖШС "Ажар" жеке балабақшасы (бұдан әрі – ЖББ) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР Үкіметінің 30.10.2018 ж. №595 қаулысымен бекітілген), Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, осы Жарғының негізінде өз қызметін жүзеге асырады.

1.2. ЖББ Серіктестік Жалғыз құрылтайшысының 26.11.2025 жылғы "A-S инвест групп" ЖШС "Ажар" жеке балабақшасын құру туралы шешімі негізінде құрылды.

1.3. "A-S инвест групп" ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) жалғыз құрылтайшысы Бейсенбекова Эльмира Жумабаевна, ЖСН 870621451087, жеке куәлік №060177388, 01.04.2025 ж. берілген.

1.4. Серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады, екі жастан алты жасқа дейінгі тәрбиенелушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, күту және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының орындалуын қамтамасыз етеді.

1.5. Ұйымның атауы:

- Мемлекеттік тілде: "A-S инвест групп" ЖШС "Ажар" жеке балабақшасы.
- Орыс тілінде: "A-S инвест групп" ЖШС "Ажар" жеке меншік балабақшасы.

1.6. Мекеменің орналасқан жері: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қараөткел ауылы, Әмір Темір көшесі, 8.

1.7. Меншік нысаны – жеке.

2. Ұйымдық-құқықтық нысаны

2.1. ЖББ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР Үкіметінің 30.10.2018 ж. №595 қаулысымен бекітілген), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

2.2. ЖББ құруды, таратуды және қайта ұйымдастыруды Серіктестіктің жалғыз құрылтайшысы жүзеге асырады.

2.3. Жағыз құрылтайшы Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

2.4. Серіктестік жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала және жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын заңды тұлға болып табылады. Серіктестіктің дербес фирмалық бланкі, өз атауы жазылған мөрі, банкте жеке шоты бар.

2.5. Серіктестік ата-аналарға білім беру немесе ақылы қызмет көрсету есебінен табыс әкелетін коммерциялық қызметпен айналыса алады. Қызметтердің

бағасы ұйымның актілеріне және ҚР заңнамалық құжаттарына сәйкес белгіленеді.

2.6. Ұйымда барлық білім беру қызметтерін ұсыну ақылы негізде жүзеге асырылады. Ұйым білім беру қызметтері үшін, оның ішінде мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберіндегі оқу үшін ақы алуға құқылы.

2.7. Төтенше жағдайлар, карантин және тәрбиеленушілердің денсаулығына қауіп төндіретін басқа да жағдайлар туындаған кезде, ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес, қашықтықтан жұмыс жасау тәртібіне көшеді. Қашықтықтан оқыту тәртібіне сәйкес келетін топтардың және қашықтықтан жұмыс жасауға мүмкін болатын қызметкерлердің тізбесі жасақталады. Қашықтықтан және кезекші топта (баланың ата-анасының не заңды өкілінің өтініші негізінде) тәрбиеленетін балалардың сабақ кестесі жасақталады.

3. Ұйым қызметінің мәні, міндеттері мен мақсаттары

3.1. ЖББ қызметінің мәні Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Білім және ғылым министрінің ҚР Үкіметінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығына 1 қосымша) (бұдан әрі – Стандарт), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (ҚР Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. № 557 бұйрығына қосымша (22.06.2016 ж.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)) бұдан әрі – ҮОЖ) және ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы уәкілетті органымен белгіленген тәртіпте бекітілген басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес, білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

3.2. ЖББ негізгі міндеті ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практиканың жетістіктеріне негізделген мектепке дейінгі тұлғаны тәрбиелеу үшін тиісті жағдайлар жасау болып табылады, атап айтқанда:

1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдай жасау;

3) мектепке сапалы дайындықты қамтамасыз ету;

4) азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

3.3. ЖББ негізгі мақсаттары:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психологиялық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салтына тарту;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға баулу негізінде олардың қабілеттерін дамыту;
3) мектеп жасына дейінгі балалардың уәждемесін, тілегін, еркіндігін және өзін-өзі көрсетуге шығармашылық қабілеттерін дамыту;
4) балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын игеруі үшін жағдай жасау;
5) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;
6) тәрбие мен оқытудың инновациялық технологияларын енгізу негізінде білім беру процесін жаңғырту;
7) білім беру процесіне ақпараттық-коммуникативтік технологияны тиімді енгізу.
8) педагог қызметкерлердің кәсібилігін жетілдіру.
9) ата-аналарды ЖББ қызметіне тарту, баланы тәрбиелеу процесінде өзара іс-қимылдың әртүрлі стратегияларын әзірлеу, отбасылық тәрбиені жүзеге асыруда ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

4. Жалғыз құрылтайшының құқықтары мен міндеттері

4.1. Ұйымның толық жұмыс істеуі үшін құрылтайшы ұйымды оның қалыпты жұмыс істеуі үшін барлық қажетті мүлікпен қамтамасыз етеді.
4.2. Құрылтайшының құқығы бар:

- ЖББ қызметі туралы ақпарат алу;
- тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асыру;
- жоғары тұрған ұйымдардың қарауына мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жақсарту жөніндегі мәселелерді, ұсыныстарды шығарады;
- білім беру органдарында белгіленген тәртіпте мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы ғылыми әзірлемелерді алу және пайдалану.

4.3. Құрылтайшы үй-жайларды пайдалануға, материалдық мүлікті пайдаланудың тиімділігіне бақылауды жүзеге асырады.
4.4. Құрылтайшыға атаулы жазбаша өтініш негізінде ұйымның жаңа директорын қабылдау кезінде, Құрылтайшы өтініш түскен күннен бастап 20 күн ішінде жаңа кандидатураны қарайды, сондай-ақ, өтініш негізінде тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру мақсатына жету бойынша ұйымның қызметін жақсарту мүмкіндіктерін де қарастырады.

5. ЖББ-ның құқықтары мен міндеттері

Өз қызметін жүзеге асыру үшін және ұйым алдында тұрған міндеттерді шешу мақсатында ЖББ:

5.1. Стандарт негізінде пәндер мен мамандықтар бойынша оқу жоспарларын, педагогтарға арналған біліктілік сипаттамаларын, авторлық бағдарламаларды өз бетінше әзірлеу және бекітуге.

5.2. Қойылған міндеттерді орындау үшін жұмыс тәртібі мен олардың еңбегіне ақы төлеу мөлшерін айқындай отырып, шарттық және келісімшарттық негізде жоғары білікті мамандарды тартуға.

5.3. Ұйымның толық құзыретіне кіретін және ҚР заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін мәселелер бойынша шетелдік оқу орындарымен, ұйымдармен, сондай-ақ шетел азаматтарымен ынтымақтасуға.

5.4. Өз құзыреті шегінде мемлекеттік, қоғамдық, жеке ұйымдармен, серіктестіктермен және жеке тұлғалармен шарттар жасасу және өзге де заңды актілер жасауға.

5.5. Ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық әдебиеттер, журналдар, жарнамалық материалдар, Оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық, ойын материалдарын басып шығаруға.

5.6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналар, басқа ұйымдардың педагогтары үшін зияткерлік қызметтердің консультативтік, ақпараттық-анықтамалық, ұйымдастырушылық және басқа да қызмет түрлерін көрсетуге.

5.7. Басқару құрылымын, қызметкерлердің еңбек нысандары мен жүйелерін әзірлеу және анықтау, білікті мамандарды тарту, өзінің ғылыми орталықтары мен бөлімдері болуына.

5.8. Тиімді тәрбие процесін қамтамасыз ету үшін педагогтерге Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен авторлық бағдарламаларды таңдау, қолдану, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын беруге құқылы.

6. Білім бағдарламаларын жүзеге асыру

Білім беру процесінің негізгі мақсаты баланың ақыл-ой, адамгершілік және физикалық дамуын қалыптастыру, оның шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу, жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлану, мектепте оқуға дайындық болып табылады.

6.1. ЖББ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі шығаратын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес тәрбие-білім беру процесін жүзеге асырады.

6.2. ЖББ келесі ақылы білім беру қызметтерін ұсынады:

1) білім беру бағдарламалары мен әдістемелері бойынша;
2) үйірмелердің, секциялардың қосымша сабақтарын өткізу;
3) мектепке дайындыққа қосымша сабақтар өткізу;
4) тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары бойынша;
5) жазғы демалысты ұйымдастыру;
6) демалыс күндері бала күтімі және оны қарауа;
7) кезекші топты ұйымдастыру;
8) ҚР заңымен тиым салынбаған өзге де қызметтер.

6.3. Ұйым Стандарт шеңберінде 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды, дене және психикалық денсаулықты қорғауды және нығайтуды, мектеп жасына дейінгі балалардың дене, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуды жүзеге асырады.

6.4. Білім беру процесі бес білім беру саласын біріктіру арқылы қамтамасыз етіледі: "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет", олардың әрқайсысында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзінің нысаналы бағыты бар дербес бөлімдер бар.

6.5. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі Стандартқа, ҮОЖ сәйкес анықталады.

7. ЖББ қабылдау тәртібі

7.1. ЖББ балаларды қабылдау Ақмола облысы, Целиноград ауданының білім беру бөлімінің жолдамасы, ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің өтініші, медициналық мекемеден анықтама және баланың даму тарихының көшірмесі негізінде, бос орындар болған жағдайда жыл бойы тұрақты немесе уақытша болу үшін жүзеге асырылады.

7.2. Балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

7.3. Балалар ЖББ-ға қабылдау кезінде тестілеуден өтпейді.

7.4. Баланың ұйымдағы орны келесі жағдайларда сақталады:
1) баланың аурулары;
2) баланы медициналық, санаторий-курорттық және өзге де ұйымдарда емдеу және сауықтыру;
3) ата-анасының біреуіне немесе заңды өкілдеріне еңбек демалысы кезінде;
4) баланы жазғы кезеңде екі айға дейінгі мерзімге сауықтырғанда.

7.5. Балаларды ұйымнан шығаруды басшы (директор) мынадай жағдайларда жүргізеді:
1) баланы күтіп-бағу үшін ай сайынғы төлемді уақтылы төлемеген (белгіленген төлем мерзімінен күнтізбелік 15 күннен артық кешіктірген);
2) бала дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткізіп алғанда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде.
7.6. ЖББ ата-аналардан немесе заңды өкілдерден ақы алу тәртібін құрылтайшы немесе ЖББ директоры шарттық келісім негізінде белгілейді.

8. Білім процесін ұйымдастыру

8.1. Ұйымның құрылымы:
- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 2 жастан 5 жасқа дейін;
- 5 жастан 6 жасқа дейінгі мектепке дайындық;
8.2. Оқу қызметін ұйымдастыру.
- оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі;
- 2 жастан 3 жасқа дейінгі топтардың толықтырылуы 20 баладан аспайды;
- 3 жастан бастап 4 жасқа дейін 25 баладан аспайды;
- 4 жастан бастап 5 жасқа дейін 25баладан аспайды;
- 5 жастан 6 жасқа дейін 20 баладан аспайды.
8.3. Ұйым ата-аналармен жасалған шартқа сәйкес икемді режим бойынша (07.30-18.00) жұмыс істейді.
8.4. Ұйым мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін оқыту бойынша Стандарттың орындалуын қамтамасыз етеді.
8.5. Ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен штат кестесіне кіретін медицина қызметкерлері жүзеге асыратын тиісті медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.
8.6. Ұйымдастырылған оқу қызметі ҮОЖ сәйкес әзірленген оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.
8.7. Оқу жоспары, сабақ кестесі Стандарт талаптары негізінде әзірленеді және іске асырылады.
8.8. Ұйымның міндеттері мен негізгі функцияларына сәйкес тиімді оқу процесін қамтамасыз ету үшін Стандарт талаптарына бейімделген мемлекеттік, сондай-ақ шетелдік тәжірибенің балама бағдарламалары мен әдістемелерін таңдауға құқығы бар.
8.9. Ұйымда оқу қызметін тиісті білім мен біліктілік деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталатын педагогикалық білімі бар (орта кәсіптік, жоғары педагогикалық) адамдар жүзеге асырады.
8.10. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері әзірленген қағидалар негізінде белгіленеді.
8.11. ЖББ мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы ЖББ-ға қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың ЖББ-да болу режимі; тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, баланы бөбекжайда ұстағаны үшін төленетін ақының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

9. Білімді ағымдағы бақылау жүйесі

9.1. Білім беру басқармасы мемлекеттік органдары мен ЖББ мамандары мерзімді аттестаттау және тексеру жүргізу арқылы білім беру сапасын бақылайды.
9.2. Балалар келесі жас тобына ауысқан кезде тестілеуден өтпейді.

10. Тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен қарым-қатынастарды ресімдеу тәртібі

Тәрбиеленушінің, ата-ананың және ЖББ персоналының қарым-қатынасы ынтымақтастық, білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы негізінде және жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.
10.1. Ұйым тәрбиеленушілері, ата-аналары және өзге де заңды өкілдері арасындағы қатынастарды регламенттеу және ресімдеу шарт негізінде жүзеге асырылады, осы Жарғымен және ҚР заңнамасымен айқындалады.
10.2. Баланы қабылдау кезінде ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер ұйымның жарғысымен, жұмыс режимімен, оқу жоспарымен, білім беру ортасын ұйымдастырумен, педагогикалық құраммен танысуға құқылы.
10.3. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер құқылы:
- өзара келісім негізінде ұйыммен ынтымақтасуға;
- баланың дамуындағы ілгерілеудің жетістіктеріне қызығушылық танытуға;
- педагогпен келісім бойынша оқу процесіне қатысуға;
- ұйымның материалдық жағдайын көтеруде біржолғы демеушілік көмек көрсетуге;
- ата-аналар жиналысына, ертеңгіліктерге, концерттерге, баласының туған күнін жасауға;
- баланың ұйымға келтірілген шығынын өтеуге міндетті.

11. Басқару органдары

11.1. Ұйымда келесі басқару органдары қарастырылған:
- жоғарғы орган – құрылтайшы;
- атқарушы орган – Серіктестіктің директоры және ЖББ меңгерушісі;
- алқалы орган - педагогикалық кеңес;
- бақылау органы - Білім бөлімі.
11.2. Құрылтайшы
1. Құрылтайшының атқарушы құзыретіне: ұйымның атауын өзгерту, құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу жатады.
2. Ұйым қызметінің басым бағыттарын айқындау.
3. Ұйымның өкілеттік тәртібін айқындау, қызметін тоқтату.

4. Атқарушы органдарға қаржылық есептілікті беру тәртібін, кезеңділігін, сондай-ақ бақылаушы органдарға тексеру жүргізу тәртібін және нәтижесін айқындау.
5. Ұйымды тарату туралы шешім қабылдау, басқа ұйымның қызметін құру.
6. Кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде алынған түсімдер мен кірістерді пайдалану жөнінде шешімдер қабылдау.
7. Ұйым қызметінің тәртібін айқындайтын ішкі тәртіп қағидаларын әзірлеу және бекіту.
8. Құпия сипаттағы ақпаратты айқындау жатады.
9. Құрылтайшының құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа білім беру органдарының шешуіне беруге болмайды.
11.3. Ұйым директоры
1. Ұйым атынан әрекет етеді, оны барлық мемлекеттік және жеке ұйымдарда білдіреді.
2. Қаражатқа иелік етуші болып табылады, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттар ашады.
3. Өз құзыреті шегінде ЖББ қызметкерлерінің орындауы міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жазалар қолданады.
4. Кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан босату құқығын пайдаланады.
5. Стандартқа, ҮОЖ және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес ұйымда тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.
6. Балалардың мүдделерін, отбасы мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша көрсетілетін қызметтерді ұйымдастырады.
7. Серіктестіктің директоры ҚР Заңдарына сәйкес жауапты болады;
- тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзу;
- өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамау;
- Стандарт, ҮОЖ, оқу талаптарын бұзғаны үшін;
- оқу-тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауға;
- қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалануда;
- нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген өзге де бұзушылықтарға.
8. Директорды құрылтайшы тағайындайды және ұйымды тікелей басқаруды жүзеге асырады.
9. Осы Жарғы негізінде және құрылтайшы белгілеген құзірет шеңберінде ұйымның қаражаты мен мүлкіне иелік етеді.

10. Құрылтайшының шешімдерін дайындауды және орындалуын ұйымдастырады, оның алдында қаржылық, басқарушылық, педагогикалық, ұйымдастырушылық қызмет мәселелері бойынша есеп береді.
11. Құрылтайшыға толық қаржылық есептілікті ұсынады.
12. Директор ұйымдағы еңбек қатынастарына байланысты барлық мәселелерді шешеді, қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін, нысанын белгілейді.
19. ҚР заңнамасын бұзбай, ата-аналардың қажеттіліктеріне сәйкес ұйымның жұмыс режимін белгілейді.
11.4. ЖББ меңгерушісі:
1. баланы ЖББ-ға қабылдау кезінде ата-аналарды немесе заңды өкілдерді Жарғымен, қабылдау тәртібі және оқу-тәрбие процесі мен медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады.
2. Мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.
3. ҚР Заңдарына сәйкес ЖББ меңгерушісі жауапты:
- тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
- өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
- Стандарт, ҮОЖ, оқу талаптарын бұзғаны және орындамағаны үшін;
- оқу-тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қорғалуына;
- еңбек шарты мен нормативтік құқықтық актілерде белгілеген басқа да талаптарды бұзғаны үшін.
4. ЖББ меңгерушісін Серіктестіктің директоры тағайындайды және тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруды тікелей басқаруды жүзеге асырады.
11.5. Педагогикалық кеңес
1. Оқу қызметін ұйымдастырудың стратегиясы мен тактикасын, педагогтардың кәсіби деңгейін арттыруды ұсынады.
2. Стандарт талаптарына сәйкес ұйымның жылдық жоспарын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, жұмыс режимін талқылайды және бекітеді.
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін ең тиімді бағдарламаларды ұсынады.
4. Ұйым қызметінің ең өзекті бағыттарын талқылайды.
5. Педагогтарды аттестаттау мәселелерін қарайды, олардың кәсіби деңгейін арттырады.
6. Балалардың құзыреттілік даму деңгейі, олардың дамуында ілгерілеуі мәселелерін қарайды.
7. Педагогикалық кеңесті өткізу мерзімділігін ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ЖББ меңгерушісі айқындайды.
8. Кеңес шешімі ұжым мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 болған кезде қарапайым дауыс беру арқылы қабылданады.

9. Кеңестің шешімі хаттамаға түсіріледі, оған ЖББ меңгерушісі қол қояды.

11.6. Ұйым қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері ұйым дербес әзірлейтін ішкі тәртіп қағидаларында және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтыланады. Бұл ретте аталған актілерде белгіленетін құқықтар мен міндеттер ҚР Конституциясына, "Білім туралы" Заңға, өзге де заңнамалық актілерге және ұйымның жарғысына қайшы келмеуге тиіс.

12. Тәрбие және білім беру процесіне қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері

12.1. Кәсіпорынның білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларымен айқындалады.

12.2. Тәрбие-білім беру процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагог қызметкерлер болып табылады.

12.3. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық қызметпен айналысуға білімі және тиісті біліктілік деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған педагогикалық білімі (техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі) бар адамдар жіберіледі.

12.4. Сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар педагогикалық қызметке жіберілмейді.

12.5. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері:

1) оқу процесін басқару органдарының жұмысына қатысуға;

2) бес жылда бір рет төрт айдан аспайтын мерзімде жұмыстан қол үзбей бюджет қаражаты есебінен өзінің біліктілігін арттыруға;

3) санатын арттыру, лауазымын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттауға;

4) мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдар үшін ұзақтығы күнтізбелік 56 күн ақылы демалыс және сауықтыруға арналған жәрдемақы алуға;

5) дербес педагогикалық қызметке;

6) кәсіби ар-намысы мен абыройын қорғауға;

7) меншіктің басқа нысандарымен қатар, білім беру ұйымдары мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің бастамасы болып табылатын материалдық активтер (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім берудің ақпараттық технологиялары және басқалар) түріндегі зияткерлік меншікті қорғауға;

8) білім беру ұйымдары әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;

9) педагогикалық қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге; ордендер мен медальдар, құрметті атақтар, омырауға тағатын белгілер және грамоталар сияқты наградаларға құқығы бар.

12.6. Тәрбиеші және басқа педагогтардың міндеттері:
1) тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік және дағдыларды алуын қамтамасыз ету;
2) тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашуға және дамытуға жәрдемдесу;
3) өз біліктілігін арттыруға;
4) педагогикалық әдеп нормаларын қадағалауға;
5) тәрбиеленушілердің қадір-қасиетін құрметтеуге;
6) тәрбиеленушілер арасында салауатты өмір салтын жүргізу және оны насихаттауға;
7) балаларға алғашқы медициналық көмек көрсете білу және төтенше жағдайлар кезінде әрекет ете білуге;
8) уақтылы медициналық тексеруден өтуге;
9) тәрбиеші және ЖББ басқа да педагогтары тәрбие мен оқыту процесінде және бала мектепке дейінгі ұйымда болған уақытта тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға дербес жауапты болады;
12.7. Балаларға кепілдік:
1) өмір мен денсаулықты сақтау;
2) физикалық және психикалық, моральдық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау;
3) оның ар-намысын қорғау;
4) эмоционалды және жеке қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру;
5) баланың тамақтанудағы, ұйқыдағы, демалудағы және т. б. физиологиялық қажеттіліктерін жасына және жеке даму ерекшелігіне сәйкес қанағаттандыру;
6) мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес балалардың шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;
7) мектепке дейінгі сапалы даярлау;
8) білім беру стандарты бойынша білім алу;
9) бейімділіктеріне, қабілеттеріне, қалауы мен денсаулық жағдайына сәйкес келетін қосымша (оның ішінде ақылы) білім беру және сауықтыру қызметтерін алуға құқығы бар;
12.8. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) құқығы:
1) баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
2) балалармен жұмысты жақсарту бойынша, оның ішінде ата-аналар комитеті арқылы қосымша (ақылы) білім беру және медициналық қызметтерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;
3) меңгерушінің және педагогтардың балалармен жұмыс туралы есебін ЖББ-да тыңдауға;
4) өз баласының тәрбиесіне, мінез-құлқына және дамуына қатысты ақпаратты ЖББ-дан алуға құқылы.
12.9. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:
1) балалардың таза және қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қалыптастыру, олардың зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін дамытуды, адам ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;

2) тәрбие және білім беру процесінде, сондай-ақ бес-алты жастағы балаларды мектепке дейінгі даярлауды қамтамасыз етуде ЖББ педагогтарымен бірлескен жұмыс жүргізеді;
3) ЖББ жұмыс режиміне сәйкес балалардың келуін қамтамасыз етуге;
4) кәсіпорын жарғысын орындауға;
5) ЖББ және әрбір баланың ата-аналары (заңды өкілдері) жасасқан келісімшарт талаптарын орындауға міндетті.

13. Еңбек және еңбекке ақы төлеу

13.1. Әкімшілік пен ЖББ қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары ҚР Еңбек кодексі, осы Жарғымен айқындалады.
13.2. Кәсіпорынның еңбекақы қорын құрылтайшы белгілейді.
13.3. Қызметкерлер өз қызметін Серіктестік директоры бекіткен лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.
13.4. Серіктестіктің штат кестесін директор еңбекақы төлеу қоры шегінде бекітеді.
13.5. Ұйым қызметкерлерін жұмысқа қабылдау жеке еңбек шарты бойынша лауазымға тағайындау жолымен жүзеге асырылады, ал атқаратын лауазымынан босату қолданыстағы заңнамаға және еңбек шартының талаптарына сәйкес жүргізіледі.
13.6. Ұйым қызметкерлері ҚР Еңбек кодексінд көзделген әлеуметтік кепілдіктеріне ие.

14. Ұйым мүлкін қалыптастыру көздері

14.1. Ұйымның жалға алынған мүлік пен басқа да материалдық қаражатқа иелік етуге, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.
14.2. Ұйым түскен ақша қаражаты, олардың мақсатты пайдаланылуы үшін құрылтайшы алдында жауапты болады.
14.3. Ұйымды қаржыландыру көздері:
- *құрылтайшыдан түсімдер;*
- *ата-аналардың, демеушілердің ерікті мүліктік жарналары мен демеушіліктері, тауарларды, жұмыстарды, білім беру қызметтерін сатудан түсетін түсімдер;*
- *дивидендтер (акциялар, бағалы қағаздар, облигациялар және т.б. бағалы қағаздар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынған кірістер, сыйақылар).*

14.4. Ұйымның материалдық-техникалық базасын құру және дамыту, қаржыландыру көздерінен алынған кірістер есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.
14.5. Ұйымға бекітіліп берілген меншік объектілері жедел басқару және басқару құқығында пайдаланылады.

15. Ұйымның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

15.1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар құрылтайшының, директордың, педагогикалық кеңестің шешімі бойынша енгізіледі.
15.2. Жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар олар уәкілетті әділет органдарында тіркелгеннен кейін ғана жарамды.

16. Ұйымды қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату

16.1. Ұйымды құрылтайшы құрады және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен әділет органдарында тіркеледі. Тіркелгеннен кейін білім беру ұйымы орналасқан жері бойынша құзыретіне сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органды қызметінің басталғаны туралы хабардар етеді.
16.2. Мектепке дейінгі ұйым қызметі тоқтатылған кезде, орналасқан жері бойынша құзыретіне сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органды қызметінің тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.
16.3. Қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды жіберу рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, электрондық нысанда жүзеге асырылады.
16.4. Қайта ұйымдастыру бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құру және ҚР заңнамасында көзделген басқа да нысандар нысанында жүргізілуі мүмкін. Қайта ұйымдастыру кезінде оның құқықтары мен міндеттері құқықтық мирасқорларға өтеді.
16.5. Ұйым таратылған кезде тарату комиссиясы тағайындалады және ҚР заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімде тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған ұйымның мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.
16.6. Ұйым таратылған кезде құрылтайшы мүлікке меншік құқығын сақтайды

Құрылтайшы _____ / _____